

JUSAN BUSINESS API АРҚЫЛЫ «ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ» ЖҮЙЕСІМЕН БІРІКТІРУ ШАРТТАРЫ

Jusan Business API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялаудың осы шарттары (бұдан әрі-шарттар) бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шартының (бұдан әрі –Шарт) ажырамас бөлігі болып табылады.

Шарттар клиенттің бағдарламалық өнімдерін Jusan Business API (бұдан әрі – JB API) арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялаудың ерекшеліктері мен тәртібін айқындайды, ол клиентке «Интернет» желісі арқылы шотты (шоттарды) басқаруға және электрондық банк қызметтерін алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін (төменде айқындалғандай) және Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерді белгілейді. Осыған байланысты, JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялауды жүзеге асыру үшін Клиентке Бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шартының № 2 қосымшасында баяндалған «Интернет-банкинг» жүйесіндегі қызмет көрсету шарттарына қосылу қажет.

Шарт, «Интернет-банкинг» жүйесіндегі қызмет көрсету талаптары және Шарттар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Клиент Шартта көзделген тәртіппен Қосылу туралы өтініш негізінде тұтастай Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін. Банк және Клиент туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұл ретте Қосылу туралы өтініш, Шарт, «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету талаптары мен Шарттар тек бірыңғай құжат ретінде қаралады.

Клиенттің (оның өкілінің) Қосылу туралы өтінішке қол қоюы мыналарды білдіреді:

- Клиент Шартты және Шарттарды оқыды, түсінді және толық көлемде, ешқандай ескертулер мен қарсылықтарсыз қабылдады;
- Шарт пен Шарттарда Клиент өзінің ақылға қонымды түсінетін мүдделеріне сүйене отырып, қабылдамауы мүмкін қандай да бір ауыр шарттар болмайды;
- Егер Банкте Клиент (оның өкілі) қол қойған Қосылу туралы өтініш болса, Клиент Шартта және (немесе) Шарттарда, оның ішінде сәйкестендіру тәсілімен қойылған қолдың болмауына Шарт пен Шарттарды оқымағанның/түсінбегеннің/ қабылдамағанның дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқылы емес;
- Клиент JB API және «Интернет-банкинг» жүйесін пайдаланудың, сондай-ақ Шартта көзделген Электрондық банк қызметтерін көрсетудің барлық шарттарымен, «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету шарттарымен және Шарттармен келіседі;
- Шарттың және Шарттардың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен ерік-жігеріне толық сәйкес келеді;
- Клиент Шарт жасасу және Шарттарды қабылдау, сондай-ақ «Интернет» желісі арқылы Шотқа (шоттарға) иелік ету, Электрондық банк қызметтерін алу және Клиентке қолжетімді басқа JB API және/немесе «Интернет-банкинг» жүйесінің функционалын пайдалану мақсатында Клиенттің бағдарламалық өнімдерін JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялау үшін қажетті барлық процедураларды сақтаған, оның ішінде Клиент Банкке Клиенттің бағдарламалық өніміне Клиенттің бағдарламалық өнімін пайдалану және Клиенттің бағдарламалық өнімін JB API-мен интеграциялауды жүзеге асыру үшін қажетті көлемде мүлктік құқықтарға ие екендігіне (және аталған құқықтар Клиенттің бағдарламалық өнімін JB API-мен интеграциялаудың бүкіл мерзімі ішінде жарамды болып қалатынына) кепілдік береді;
- Шарт жасасу және Шарттарды қабылдау, сондай-ақ олардың талаптарын орындау Клиенттің құрылтай және өзге де құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Клиентке қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайды және бұзуға алып келмейді.

Егер Қосылу туралы өтініштің мәтінінде немесе Шарт мәтінінде өзгеше көзделмесе, Шарттарға (олар болған кезде) барлық қосымшалар, Банк көрсететін қызметтер шеңберінде Банк Клиенттен қабылдаған өтініштер (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) Шарттың және Шарттардың ажырамас бөлігі болып табылады.

1. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

1.1. Банк Клиентке «Интернет» желісі арқылы Клиенттің шот(-тар)ына билік ету, электрондық банк қызметтерін алу, Банкпен деректермен және/немесе ақпаратпен алмасу, сондай-ақ Банктің техникалық мүмкіндіктеріне байланысты Клиенттің өзге де қолжетімді JB API функционалын (бұдан әрі - API функционалы) пайдалануы мақсатында Клиенттің бағдарламалық өнімін JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялауға мүмкіндік береді.

1.2. Клиент JB API арқылы Client ID және Client Secret-ті генерациялауға бастама жасай отырып, мыналарды растайды:

1.2.1. Клиенттің әрбір бағдарламалық өнімі үшін тек бір Client ID және бір Client Secret қалыптастыру қажет екендігі туралы хабарланды. Client ID және Client Secret-ті әрбір қайта генерациялауды (қайта шығаруды) JB API функционалы өзгерген жағдайда және/немесе JB API функционалы пайдаланылмаған жағдайда (Client ID және Client Secret пайдалана отырып, «Интернет-банкинг» жүйесіне сұраныстар болмаған жағдайда) Клиент әрбір алдыңғы Client ID және Client Secret генерациясы жасалған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде жүзеге асырады;

1.2.2. JB API қауіпсіздігін күшейту және/немесе JB API функционалдығын кеңейту мақсатында Банк енгізе алатын JB API нұсқаларының бар екендігі және Клиенттің бағдарламалық өнімін JB API (Client ID және Client Secret қайта құру) арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялауды жаңарту қажеттілігі туралы хабардар етілген;

1.2.3. JB API техникалық құжаттамасымен (Банктің <https://jusan.kz/> интернет-ресурсында орналастырылған), Тарифтер туралы ақпаратпен, Шарттармен, «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету шарттарымен, Электрондық қызметтер көрсету ережелерімен, «Jusan Bank» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік саясатымен және Шартқа және Шарттарға қосылу үшін қажетті өзге де құжаттармен, Шарт және Шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Клиенттің жауапкершілігі және ықтимал тәуекелдері туралы ақпаратпен танысты, сондай-ақ Банктің көрсетілген құжаттарды Банктің Интернет-ресурсында орналастырғаны туралы хабардар етілді;

1.2.4. Клиент Шарттарда белгіленген рұқсат етілмеген операциялардан қорғау іс-әрекеттер тәртібімен келіседі;

1.2.5. JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграцияланған Клиенттің бағдарламалық өнімін (бұдан әрі -Бағдарламалық өнім) пайдаланатын Пайдаланушы(-лар) Клиенттің шот(-тар)ына, Электрондық банк қызметтеріне және «Интернет-банкинг» жүйесіндегі Клиенттің өзге де деректеріне қол жеткізу; Банкпен деректермен және/немесе ақпаратпен алмасу, сондай-ақ JB API өзге қолжетімді функционалын пайдалану үшін Клиенттің барлық қажетті құқықтары мен өкілеттіктеріне ие.

1.3. JB API функционалын Банк Банктің Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және/немесе JB API техникалық құжаттамасына өзгерістер/толықтырулар енгізу арқылы біржақты тәртіппен (Клиентпен келісусіз) өзгерте алады.

1.4. Банк Клиенттің өтініші негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Шарттарда көзделген негіздер бойынша JB API арқылы Клиентке қызмет көрсетуді тоқтатады (бағдарламалық өнімді «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялауды тоқтатады).

1.5. JB API-ге айрықша меншік құқығы Банкке толығымен тиесілі. Банк Клиентке Шарттардың қолданылу мерзімі ішінде және Шарттармен белгіленген көлемде JB API пайдаланудың айрықша емес, басқаға берілмейтін, Банк қайтарып алуға жататын және қосалқы лицензиялауға жатпайтын құқығын береді.

1.6. Клиент JB API функционалын (Client ID және Client Secret пайдалана отырып, «Интернет-банкинг» жүйесіне сұрау салулар болмаған жағдайда) 90 күнтізбелік күн және одан көп уақыт ішінде пайдаланбаған жағдайда Банк Клиенттің Client ID және Client Secret пайдалана отырып, «Интернет-банкинг» жүйесіне кіруіне тыйым салуға құқылы. JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесіне қолжетімділікті қалпына келтіру үшін Клиент Шарттардың 2.1.1 және 2.1.2. тармақшаларында көзделген тәртіппен Client ID және Client Secret генерациясын қайта бастауы қажет.

2. JB API-ГЕ КЛИЕНТТІҢ ҚОСЫЛУ ТӘРТІБІ

2.1. Клиентті JB API-ге қосу үшін мыналарды орындау қажет:

2.1.1. «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету шарттарына сәйкес Клиент бұрын таңдаған сәйкестендіру әдісін пайдалана отырып, «Интернет-банкинг» жүйесінде авторизациялану;

2.1.2. JB API қойындысын ашып, қолжетімді JB API функционалынан Клиенттің бағдарламалық өнімін JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен біріктіргеннен кейін Пайдаланушыларға қолжетімді болатын функционалды таңдау, содан кейін Client ID және Client Secret-ті генерациялауды бастау;

2.1.3. өз бетінше (және/немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып) және өз есебінен қалыптастырылған Client ID/Client Secret көмегімен Клиенттің бағдарламалық өнімін пысықтауды және JB API техникалық құжаттамасына сәйкес JB API арқылы Клиенттің пысықталған бағдарламалық өнімін «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялауды жүзеге асыру.

2.2. Клиент Банкке ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын ең төменгі талаптардың сақталуына, оның ішінде осы Шарттарға және/немесе JB API техникалық құжаттамасына сәйкес бағдарламалық өнімдегі Пайдаланушылардың есептік жазбаларын әкімшілендіруге кепілдік береді. Клиент қажет болған жағдайда Бағдарламалық өнімде Пайдаланушының бетінің/саусақ ізінің көлемдік-кеңістіктік нысанын сканерлеуге негізделген Пайдаланушыны (Пайдаланушыларды) сәйкестендірудің (жеке басын анықтаудың) өзге де технологияларын/жүйелерін пайдаланады.

3. БАНКТІҢ КЛИЕНТКЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІНІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

3.1. «Интернет-банкинг» жүйесімен жұмыс істеу үшін Клиентте «Интернет» желісіне қолжетімділік болуы және «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету шарттарында, осы Шарттарда және/немесе JB API техникалық құжаттамасында көзделген талаптарға сәйкес келетін меншікті аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануы тиіс.

3.2. Клиент Клиенттің (Пайдаланушылардың) қалыптастырған және Банкке Бағдарламалық өнім арқылы жолдаған «Интернет-банкинг» жүйесіндегі электронды түрдегі құжаттарды Банктің алуы Клиент және/немесе Клиенттің өкіл(-дер)і Қолтаңба үлгілері бар құжатта өз қолымен қол қойған қағаз жеткізгіштегі құжаттарды алуға тең (баламалы) екенін даусыз және сөзсіз мойындайды. Клиент Банкке жоғарыда көрсетілген құжаттарды Клиенттің және/немесе оның өкілдерінің өз қолымен расталған қағаз жеткізгіштегі құжаттармен тең пайдалануға шартсыз құқық береді.

3.3. Клиент құжаттарды толтыруды, хабарламаларды (нұсқауларды) қалыптастыруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруы тиіс. Бұл ретте құжаттарды, хабарламаларды (нұсқауларды) дұрыс ресімдемегені үшін келтірілген ықтимал залалды қоса алғанда, барлық жауапкершілік Клиентке жүктеледі.

3.4. Клиенттің «Интернет-банкинг» жүйесінде электрондық банк қызметтерін көрсету (ұсыну) туралы нұсқаулары Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта, «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету талаптарында және Шарттарда көзделген тәртіппен және мерзімдерде Банк орындайтын электрондық құжаттар түрінде бағдарламалық өнім арқылы Банкке электрондық тәсілмен беріледі.

3.5. Қауіпсіздік процедурасы ретінде, оның ішінде рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау процедурасы ретінде, Банк Сәйкестендіру мен Аутентификацияны қолданады. Рұқсатсыз кіруден қорғау іс-қимылдарының тәртібі дегеніміз бағдарламалық өнім арқылы «Интернет-банкинг» жүйесінде электрондық банк қызметтерін көрсетуге (ұсынуға) бастамашы болған Клиентті Сәйкестендіруден және электрондық құжаттарды Аутентификациялау:

3.5.1. Клиенттің ақпараттық банктік қызметтерді алуына бастама жасау кезінде Банк Клиентті Client ID және Client Secret арқылы сәйкестендіруден өткізеді. Бұл ретте бағдарламалық өнім тарапынан Клиент Пайдаланушыларға (пайдаланушылардың есептік жазбаларына) қойылатын мынадай талаптардың орындалуын қосымша қамтамасыз етеді:

1) әрбір Пайдаланушының жеке есептік жазбасы болады және бірегей идентификаторды (логин) және құпиясөзді пайдалана отырып, Бағдарламалық өнімде авторизацияланады;

2) құпиясөз ең кемінде мынадай талаптарға сәйкес келеді:

– құпиясөздің ең аз ұзындығы – кемінде 8 таңба. Құпиясөздің осы параметрге сәйкестігін тексеру құпиясөзді әр ауыстырған кезде жүргізіледі, сәйкес келмеген жағдайда пайдаланушыға хабарлама беріледі;

– құпиясөздің күрделі болуы – құпиясөзде кемінде үш таңбалар тобының болуын тексеру мүмкіндігі: кіші әріптер, бас әріптер, сандық мәндер, арнайы таңбалар. Құпиясөздің осы параметрге сәйкестігін тексеру құпиясөзді әр ауыстырған кезде жүргізіледі, сәйкес келмеген жағдайда –пайдаланушыға хабарлама беріледі;

– құпиясөз тарихы –жаңа құпиясөз кем дегенде алдыңғы жеті құпиясөзді қайталамайды. Құпиясөздің осы параметрге сәйкестігін тексеру құпиясөзді әр ауыстырған кезде жүргізіледі, сәйкес келмеген жағдайда пайдаланушыға хабарлама беріледі;

– құпиясөздің ең аз қолданылу мерзімі – 1 (бір) жұмыс күні, құпиясөздің ең көп қолданылу мерзімі –60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспайды. Құпиясөздің осы параметрге сәйкестігін тексеру Бағдарламалық өнімге әрбір кірген және құпиясөзді ауыстырған кезде жүргізіледі. Егер қолданудың ең көп мерзімі аяқталғанға дейін 7 (жеті) және күнтізбелік күннен кем күн қалса, Пайдаланушыға тиісті хабарлама беріледі. Құпиясөздің максималды мерзімі аяқталғаннан кейін бағдарламалық өнім қолжетімділікті оқшаулайды және құпиясөзді міндетті түрде өзгертуді талап етеді;

– Бағдарламалық өнімге бірінші рет кірген кезде немесе әкімші құпиясөзді өзгерткеннен кейін, Бағдарламалық өнім Пайдаланушыдан құпиясөзді өзгертуді сұрайды әрі бұл процедурадан бас тарту мүмкін емес. Бұл ереже құпиясөздің қолданылу мерзімі туралы ережеден басым;

– Бағдарламалық өнімде 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам уақыт бойы Пайдаланушының белсенділігі болмаса, оның есептік жазбасы автоматты түрде оқшауланады;

– Қате құпиясөзді қатарынан бес рет енгізген кезде Пайдаланушының есептік жазбасы уақытша оқшауланады;

3) Пайдаланушы 30 (отыз) минуттан астам белсенді болмаса, Бағдарламалық өнім Пайдаланушының «Интернет-банкинг» жүйесімен жұмыс сеансын автоматты түрде аяқтайды.

3.5.2. Клиенттің Электрондық төлем қызметтерін алуына бастамашылық жасаған кезде Банк Шарттың 3.5.1-тармақшасына сәйкес Клиентті сәйкестендіруге қосымша түрде Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы (бұдан әрі – ҰКО) немесе Банктің меншікті куәландырушы орталығы (нақты техникалық іске асырылғаннан кейін) шығарған ЭЦҚ пайдалана отырып, Пайдаланушыны (Клиентті және/немесе Клиенттің өкілін) сәйкестендіруді және пайдаланушы қол қойған электрондық құжаттарды аутентификациялауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ, ЭЦҚ Пайдаланушыға (Клиентке және/немесе Клиент өкіліне) JB API белгілі бір функционалын пайдалану үшін JB API сұранысы бойынша қажет болуы мүмкін.

3.6. Клиент «Интернет-банкинг» жүйесінде «Интернет-банкинг» жүйесін пайдаланушылардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарға сәйкес құқықтары бар бағдарламалық өнім арқылы жұмыс істейді.

3.7. Клиентке қызмет көрсету операциялық күн ішінде жүзеге асырылады, оның ұзақтығын Банк дербес айқындайды. Операциялық күн кестесіндегі тиісті өзгерістер туралы ақпарат осындай өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің үй-жайларында Клиенттің көруі үшін қолжетімді орында (Операциялық бөлімшелерінде) және/немесе «Интернет-банкинг» жүйесінде орналастырылады. Бұл ретте Клиенттің Электрондық құжаттарды, сұрау салуларды, үзінді көшірмелерді және өзге де құжаттарды қалыптастыру мақсатында «Интернет-банкинг» жүйесіне қолжетімділікті Банк Шарттардың 5.2.3. және 5.2.8. тармақтарында көзделген нормаларды ескере отырып, 24/7 (аптасына жиырма төрт сағат, жеті күн) режимінде қамтамасыз етеді.

3.8. Банк «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету шарттарында көзделген Электрондық банктік қызметтер көрсетуді Электрондық банктік қызметтер мен өзге де қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің ақаулығы себебінен тоқтата тұрады. Электрондық банктік қызметтер мен өзге де қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылғаннан кейін Банк Клиентке Шартқа сәйкес электрондық банктік қызметтер мен өзге де қызметтер көрсетуді қайта бастайды.

3.9. Көрсетілген Электрондық банк қызметтері үшін комиссиялық сыйақыны, сондай-ақ JB API техникалық сүйемелдеу/қолдау үшін сыйақыны Банк тарифтерге сәйкес ұстайды. Өзекті тарифтер Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде) Клиенттің көруі үшін қолжетімді орында орналастырылған.

3.10. Электрондық құжат Клиент пен Банктің шарт бойынша міндеттемелерін тудырады, егер оған сәйкестендіруден өткен Пайдаланушы бастамашылық жасаса, тиісті түрде ресімдесе,

Бағдарламалық өнім арқылы «Интернет-банкинг» жүйесіне берсе, сондай-ақ тексерсе, оның ішінде Аутентификация жолымен тексерсе және оны Банк қабылдаса.

3.11. Егер сәйкестендіру және/немесе ЭЦҚ тексеру сәтті өтсе және құжатты қабылдау сәтіне дейін құжатқа бастамашы болған/қол қойған тұлғаның Client Secret және/немесе ЭЦҚ-тың жария болып қалуы туралы ресми өтініші тіркелмесе, Тараптар сәйкестендіруден өткен Пайдаланушы бастамашылық жасаған және/немесе ЭЦҚ-мен қол қойылған (электрондық төлем қызметтері үшін) электрондық құжаттардан туындайтын барлық міндеттемелерді өзара толық көлемде өзіне қабылдауға міндеттенеді. Тараптардың кез келгенінің осы Шартты орындамауы екінші Тараптың шартты және шарттарды орындаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

3.12. Клиенттің нұсқауын алған күннен кейінгі бір операциялық күн ішінде Банктен электрондық құжаттың орындалмағаны туралы хабарлама алмаған жағдайда, клиент бастамашылық жасаған Электрондық құжат үнсіз баптау бойынша орындалды деп есептеледі. Шетел валютасында операциялар жүргізілген жағдайда операциялар операция жүргізілген күні қолданыстағы тарифтер бойынша айырбастау комиссиясын ұстап қалумен операция жүргізілген күні Банк белгілеген валютаны айырбастау бағамы бойынша жүргізіледі.

3.13. Банк Электрондық банк қызметтерін көрсеткен кезде Банкте соның негізінде Клиентке Электрондық банк қызметтері ұсынылған «Интернет-банкинг» жүйесінде электрондық құжаттарды жіберу және/немесе алу туралы растау қалады. Клиенттің электрондық құжатты жібергенін және/немесе Банктің алғанының растамасы болып «Интернет-банкинг» жүйесінде (міндетті түрде) және/немесе Бағдарламалық өнімде (опционалды түрде) электрондық құжаттың тиісті мәртебесін («өндеуде», «орындалды», «қабылданбады» және т.б.) көрсету табылады. Электрондық құжатты жөнелтуді, алуды растау үшін мерзім «Интернет-банкинг» жүйесінің және Бағдарламалық өнімнің дұрыс жұмысы жағдайында 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын «Интернет-банкинг» жүйесінің жұмысымен айқындалады.

3.14. «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграция арқылы электрондық банк қызметтерін ұсыну туралы ақпаратпен Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ 8 800 080 0711 немесе 7711 (ұялы телефондардан тегін қоңырау шалу) телефондары арқылы танысуға болады.

4. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

4.1. Клиент Шартта, Шарттарда және JB API техникалық құжаттамасында көзделген қауіпсіздік рәсімдерін және Банк Клиентке «Интернет-банкинг» жүйесінің және JB API қауіпсіздігіне қатысты беретін кез келген басқа нұсқауларды орындауға келіседі.

4.2. Клиент бағдарламалық өнімді орнатуға, сақтауға және қауіпсіздігі мен пайдаланылуына, сондай-ақ оның компьютерлік және коммуникациялық жүйелерінде, мобильді құрылғыларда, алынбалы тасымалдағыштарда, бұлтты сақтағыштарда және басқа да құрылғыларда сақталатын ақпаратқа жауапкершілікті, жекелей алғанда Бағдарламалық өнімге, Client ID және Client Secret-ке кіру үшін пайдаланылатын сәйкестендіргіштер мен Пайдаланушылардың құпиясөздерінің, Пайдаланушылардың ЭЦҚ-ларының қауіпсіздігі мен құпиялығына жауапкершілікті өзіне алады.

4.3. Клиент Бағдарламалық өнімге және/немесе «Интернет-банкинг» жүйесіне рұқсатсыз кіру және/немесе өзі білетін немесе күдіктенетін рұқсатсыз операция туралы Банкті дереу хабардар етуге міндеттенеді.

4.4. Клиент Client ID және Client Secret жарияламауға, сондай-ақ оларға үшінші тұлғалардың қол жеткізе алмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. JB API-мен интеграцияны қалыптастыруға үшінші тұлғаларды тарта және осындай тұлғаларға Client ID/Client Secret бере отырып, Клиент барлық ілеспе тәуекелдерді, соның ішінде жария болып қалу тәуекелдерін және мүліктік залал тәуекелдерін түсінеді және қабылдайды.

4.5. Клиент Банкті барлық талаптардан және сот процестерінен қорғауға, JB API техникалық құжаттамасын қоса алғанда, Шарт пен Шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау нәтижесінде Банк ұшырауы мүмкін кез келген түрдегі шығындарды, залалдар мен шығыстарды Банкке өтеуге келіседі.

5. БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банк міндеттенеді:

5.1.1. Клиентке Client ID және Client Secret-ті JB API арқылы Шарттармен белгіленген тәртіппен ұсынуға. Клиенттің Client ID және Client Secret алуы JB API-дегі Client ID/Client Secret мәртебесімен және Банктің ақпараттық жүйелерінің оқиғаларын тіркеу журналдарының жазбаларымен расталады, бұған Клиент келіседі;

5.1.2. Клиентті сәйкестендіруді және Клиент Client ID/Client Secret және/немесе ЭЦҚ (электрондық төлем қызметтері үшін) арқылы жіберілетін электрондық құжаттарды Аутентификациялауды қамтамасыз етуге;

5.1.3. «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету шарттарында және JB API Функционалында көзделген электрондық банк қызметтерін көрсетуге, оның ішінде Клиент Шарт талаптарын, «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету талаптарын және JB API техникалық құжаттамасын, сондай-ақ Банк пен Клиент арасында жасалған өзге де келісімдер және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтаған кезде Клиенттің бағдарламалық өнімі арқылы Банкке берілген Клиенттің шоттан ақша аудару нұсқауларын орындауға;

5.1.4. Тарифтерге сәйкес Клиентке «Интернет-банкинг» және/немесе JB API жүйесінің жұмысы/сүйемелдеу мәселелері бойынша техникалық қолдау көрсетуге;

5.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда «Интернет-банкинг» және/немесе JB API жүйесіне өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізуге;

5.1.6. электрондық құжаттарды 5 (бес) жыл бойы сақтауға;

5.1.7. Шартта, Шарттарда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

5.2. Банк құқылы:

5.2.1. Шотқа (шоттарға) және/немесе банк құпиясын құрайтын ақпаратқа рұқсат етілмеген қол жеткізу, оның рұқсат етілмеген өзгеруі, рұқсат етілмеген төлемді және/немесе ақша аударымын жүзеге асыру және өзге де рұқсат етілмеген әрекеттер қатері және/немесе фактісі анықталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентке бұл туралы Байланыс арнасы арқылы хабарлама жібере отырып, Клиентке электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтатуға – осындай рұқсатсыз кіруге байланысты барлық мән-жайлар анықталғанға дейін және олардың салдарын жою және болашақта олардың жол берілуіне жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдағанға дейін;

5.2.2. бағдарламалық қамтамасыз етудегі және/немесе «Интернет» желісіндегі іркілістерді, Клиентті сәйкестендіру және/немесе электрондық құжатты аутентификациялаудың мүмкін еместігін, Client ID/Client Secret және/немесе ЭЦҚ жария боп кетуді қоса алғанда, кез келген себептер салдарынан бүлінген Клиенттің электрондық құжаттарын өңдеуге қабылдамауға;

5.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген, Шот бойынша операцияларды жүргізу және электрондық банк қызметтерін ұсыну кезінде қажетті кез келген қосымша құжаттарды талап етуге.

5.2.4. Мынадай жағдайларда, бұл туралы Байланыс арнасы арқылы Клиентке хабарлама жібере отырып, Клиентке электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға және / немесе тоқтатуға:

а) Клиенттің Шарттарда көрсетілген Бағдарламалық өнім арқылы Электрондық банк қызметтерін алу тәртібі мен шарттарын бұзуы;

б) бағдарламалық қамтамасыз етудің және/немесе «Интернет» желісінің іркілістері, электрондық банк қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулары;

в) Шартта және Шарттарда көзделген өзге де негіздер бойынша.

5.2.5. Клиентке Электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылғаннан кейін Банк Клиентке Электрондық банк қызметтерін көрсетуді кейіннен байланыс арнасы арқылы хабардар ете отырып, қайта бастайды;

5.2.6. «Банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген жағдайларда Клиентке электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға және / немесе тоқтатуға;

5.2.7. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға бастамашылық жасауға және / немесе шартты орындаудан бас тартуға, бұл ретте Банк Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің мекенжайы бойынша Шартты бұзу

туралы/Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарламаны Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын электрондық нысанда немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) жібереді. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі, бұл ретте Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді;

5.2.8. Шартта, Шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, бас тарту себебін көрсете отырып Электронды құжатты алған операциялық күнішінде бұл туралы хабарлама жібере отырып (жазбаша немесе электрондық тәсілмен) Клиентке «Интернет-банкинг» жүйесінде операциялар жасаудан және электронды құжаттарды орындауға қабылдаудан бас тартуға:

а) Клиент Тарифтерге сәйкес көрсетілген қызметтер үшін төлемді және/немесе аударымды жүзеге асыру және Банктің комиссиялық сыйақысын төлеу үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген кезде;

б) Клиент / Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген төлем құжатын жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда;

в) уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және/немесе өкімдері, мүлікке билік етуге уақытша шектеу, шоттағы ақшаға тыйым салу туралы актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірінші кезектегі тәртіппен орындалуға жататын нұсқаулар болған кезде;

г) Клиентті сәйкестендіру және/немесе электрондық құжатты аутентификациялау мүмкін болмаған жағдайда, Client ID/Client Secret және/немесе ЭЦҚ жария боп қалған жағдайда;

д) Шартта және Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен;

5.2.9. Тарифтерге сәйкес Шоттардан, сондай-ақ Банкте ашылған жинақ шоттардан Банктің қызметтері үшін комиссиялық сыйақы сомасын дебеттеуге, бұған Клиент өз келісімін береді. Клиенттің Банк алдында Шартта, Шарттарда көзделген немесе соған байланысты көрсетілген қызметтерге ақы төлеу бойынша берешегі болған жағдайда, Шоттан (Шоттардан), сондай-ақ Банкте ашылған жинақ шоттардан тікелей дебеттеу жолымен ақша алуды жүргізуге, бұған Клиент өзінің келісімін береді әрі бұл ақша берешекті және/немесе жоспарлы (ағымдағы) төлемдерді өтеу есебіне жұмсалады. Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Клиент Банкке тікелей дебеттеу жолымен Шоттан (шоттардан), сондай-ақ Банкте ашылған жинақ шоттарынан ақша алуға даусыз және сөзсіз келісім береді. Бұл ретте мұндай алып қою үшін қандай да бір басқа құжаттарды ұсыну немесе Клиенттің қосымша келісімі талап етілмейді;

5.2.10. функционалдылықты кеңейту мақсатында және/немесе Банктің қалауы бойынша өзге жағдайларда «Интернет-банкинг» және/немесе JB API жүйесіне өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізуге;

5.2.11. «Интернет-банкинг» жүйесінде ақпараттық хабарламаны орналастыру жолымен жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентті алдын ала хабардар ете отырып «Интернет-банкинг» және/немесе JB API жүйесінің жұмысын жаңарту/жақсарту/алдын алу бойынша жоспарлы техникалық жұмыстарды жүргізуге;

5.2.12. «Интернет-банкинг» жүйесінде Ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы Клиентті хабардар ете отырып (жұмыс жүргізу фактісі бойынша) «Интернет-банкинг» және / немесе JB API жүйесінің жұмысын қалпына келтіру бойынша жоспардан тыс (шұғыл) техникалық жұмыстарды жүргізуге;

5.2.13. Шартта, Шарттарда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға.

6. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Клиент міндеттенеді:

6.1.1. Клиенттің бағдарламалық өнімін өз бетінше және өз есебінен пысықтауды және оны JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялауды орындауға, бағдарламалық өнімнің жұмысқа қабілеттілігін, оның тұрақты жаңартылуын және пайдаланушыларға консультациялық қолдауды қоса алғанда, техникалық қолдауды қамтамасыз етуге;

6.1.2. Шартта, «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету талаптарында, Шарттарда және JB API техникалық құжаттамасында, сондай-ақ ҰҚО қағидаларында (ҰҚО ЭЦҚ пайдаланған

кезде) көзделген ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: Клиенттің атынан ақпарат алу және/немесе операциялар жүргізу өкілеттігін жоғалтқан Пайдаланушылардың бағдарламалық өнімдегі қолжетімділігін уақтылы өшіру; құпиясөздерді жаңарту / ауыстыру, ЭЦҚ шығару/қайта шығару;

6.1.3. антивирустық бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, JB API техникалық құжаттамасына сәйкес қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің болуын дербес және өз есебінен қамтамасыз ету (антивирустық бағдарламалық жасақтаманың болуын, жұмыс істеуін және үнемі жаңартылуын қамтамасыз ету), сондай-ақ өз есебінен JB API шарттары мен техникалық құжаттамасына сәйкес пайдаланылатын өзінің бағдарламалық-техникалық құралдарын жұмыс күйінде ұстау;

6.1.4. қаражаты есебінен «Интернет» желісіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және оны пайдаланғаны үшін байланыс жеткізушілерінің қызметтеріне дербес ақы төлеу;

6.1.5. JB API техникалық құжаттамасын қоса алғанда, Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған құжаттамаға толық сәйкестілікте «Интернет-банкинг» және JB API жүйесін пайдалануды жүзеге асыру (Банк енгізетін өзгерістерді және/немесе Клиент өз бетінше танысуға міндетті толықтыруларды ескере отырып);

6.1.6. Тарифтерге сәйкес Банктің қызметтеріне ақы төлеу;

6.1.7. «Интернет-банкинг» жүйесінде жұмысты Бағдарламалық өнім арқылы ғана антивирустық бағдарламаларды қоса алғанда, жаңартылған бағдарламалық қамтамасыз етумен техникалық жарамды жабдықта ғана жүзеге асыру. Клиенттің техникалық ақаулы жабдықты және/немесе ескірген және/немесе осал бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануына байланысты жауапкершілік және Банкке және өзге де үшінші тұлғаларға ықтимал материалдық залалды өтеуді қоса алғанда, барлық ілеспе тәуекелдер Клиентке толық көлемде жүктеледі;

6.1.8. Шот(-тар) бойынша операцияларды жасау үшін төлем құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Шартқа және Шарттарға сәйкес ресімдеу. Төлем құжаттарын дұрыс ресімдеуге байланысты ықтимал залалды өтеуді қоса алғанда, барлық жауапкершілікті Клиент көтереді;

6.1.9. жабдықта, алынбалы жеткізгіштерде және/немесе Клиенттің бұлтты қоймаларында орналастырылған бағдарламалық қамтамасыз етудің, төлем құжаттары мұрағаттарының және үзінді көшірмелердің сақталуын қамтамасыз ету;

6.1.10. Бағдарламалық өнімді пайдалану кезінде мыналарды қамтамасыз ету:

а) «Интернет-банкинг» жүйесімен жұмыс аяқталғаннан кейін- «Интернет-банкинг» жүйесімен жұмыс істеу үшін «Интернет» арқылы ашылған бағдарламалық өнімнің барлық сессияларын жабу;

б) «Интернет-банкинг» жүйесін пайдалануға байланысты барлық ақпараттың, оның ішінде Client ID/Client Secret, деректерді қосу/шифрлау хаттамалары, сондай-ақ бағдарламалық өнімге кіру/қолжетімділік үшін пайдаланылатын Пайдаланушылардың идентификаторлары (логиндері) мен құпиясөздерді туралы ақпараттың құпиялылығы, оның ішінде қолжетімді жерлерде жазбалар жасамау және браузер тарихында және / немесе операциялық жүйенің жадында мұндай ақпаратты сақтамау;

6.1.11. Бағдарламалық өнімнің және тиісінше «Интернет-банкинг» жүйесінің пайдаланушыларын айқындау және Тиісті өкілеттіктерді растайтын құжаттарды Банкке ұсына отырып, оларға «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету шарттарында, JB API Функционалында және бағдарламалық өнімнің функционалында көзделген ақпаратты алуға және/немесе Клиенттің барлық/іріктемелі шоттарын басқаруға және электрондық банк қызметтерін алуға тиісті өкілеттіктер беру. Банкке Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірін беру Клиенттің Клиенттің осындай уәкілетті тұлғасына Клиенттің электрондық құжаттарын ауызша растауға өкілеттік беруін білдіреді;

6.1.12. Мынадай жағдайларда дереу, бірақ кез келген жағдайда анықталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей «Интернет-банкинг» жүйесіне кіруді оқшаулауды жүзеге асыру үшін Банкті кез келген қолжетімді тәсілдермен, соның ішінде мына телефондармен хабардар ету: +7 7172 770 622 (қалалық телефоннан), +7 800 080 0711 немесе 7711 (мобильді телефондардан тегін қоңырау шалу):

а) рұқсатсыз кіру анықталған кезде не Бағдарламалық өнім арқылы Клиенттің шот (-тар)ына рұқсатсыз кіруге күдік болған кезде;

б) Пайдаланушылардың кез келгенінің Client ID/Client Secret, идентификаторын (логинін) және/немесе паролін жария еткенде және/немесе жария етуге қатысты күдік болған кезде, Пайдаланушылардың кез келгенінің ЭЦҚ-сы жария болған кезде.

Клиент жоғарыда көрсетілген ақпаратты алғанға дейін Банк «Интернет-банкинг» жүйесіндегі бағдарламалық өнім арқылы жүргізілген барлық әрекеттерді Клиент орындаған деп санауға құқылы екенін және жоғарыда көрсетілген ақпаратты Банкке жеткізудегі кез келген кідіріс Клиент үшін Банктің өтеуіне жатпайтын қаржылық шығындарға әкеп соғуы мүмкін екенін Банк өзіне хабарлағанын растайды;

6.1.13. электрондық құжаттарға қол қоюға құқығы бар Пайдаланушыны (пайдаланушыларды) ауыстыру туралы Банкті хабардар ету және Банкке осындай өзгеріс болған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде негізгі ақпаратты ауыстыру үшін тиісті өкілеттіктерді және қажетті құжаттар топтамасын растайтын құжаттарды ұсыну. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін Банк «Интернет-банкинг» жүйесінде электрондық құжаттарға қол қою құқығына өкілеттігі тоқтатылған пайдаланушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжаттарды қабылдауды тоқтатады. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген құжаттарды алғанға дейін Банк электрондық банк қызметтерін ұсыну кезінде Банкте бар құжаттарды/мәліметтерді басшылыққа алады;

6.1.14. Банк қызметкерлерінің Шот(-тар) бойынша төлемдер мен операциялардың құпиялығына қауіп төндіретін кез келген әрекеттері туралы Банкті келесі телефон нөмірлері бойынша хабардар ету: +7 7172 770 622 (қалалық телефоннан), +7 800 080 0711 немесе 7711 (мобильді телефоннан тегін қоңырау шалу);

6.1.15. ақпараты Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде) Клиенттің көруі үшін қолжетімді жерде орналастырылған Шартқа енгізілетін тарифтер мен өзгерістердің және/немесе толықтырулардың мониторингін дербес жүзеге асыру;

6.1.16. электрондық құжатты орындағаннан кейін оның орындалуының дұрыстығын анықтау/тексеру және ол қате орындалған жағдайда, электрондық құжаттың қате орындалуы анықталғаннан кейін 3 (үш) операциялық күн ішінде, бірақ қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және/немесе ақша аударымы орындалған күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірмей Банкке анықталған қате туралы хабарлау. Клиенттің Қате төлем және / немесе аударым туралы хабарламасында электрондық құжаттың деректемелері және өзі анықтаған қате деректемелер көрсетіледі;

6.1.17. Шартта, Шарттарда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

6.2. Клиент құқылы:

6.2.1. «Интернет-банкинг» жүйесінде Шартқа, «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету талаптарына және Шарттарға сәйкес бағдарламалық өнім арқылы қызмет көрсету;

6.2.2. JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграциялау үшін Клиенттің бағдарламалық өнімін дербес анықтау;

6.2.3. «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграция және Банк қызметкерлерінен Байланыс телефондары арқылы электрондық банк қызметтерін көрсету тәртібі мәселелері бойынша консультацияларды +7 7172 770 622 (қалалық телефоннан), +7 800 080 0711 немесе 7711 (мобильді телефондардан тегін қоңырау шалу) және Банктің Интернет-ресурсында көрсетілген басқа да нөмірлер бойынша алу;

6.2.4. Пайдаланушылардың «Интернет-банкинг» жүйесіне кіруін пошта арқылы жазбаша хабарлама жіберу не оны осындай шектеу күніне дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын Банкке қолма-қол беру жолымен шектеу;

6.2.5. JB API функционалына және сәйкесінше «Интернет-банкинг» жүйесіне JB API және/немесе Клиенттің бағдарламалық өнімі арқылы Пайдаланушының (Пайдаланушылардың) қолжетімділігін дербес шектеу/ажырату;

6.2.6. Шартты және/немесе Шарттарды бұзуға бастамашылық жасау (JB API арқылы «Интернет-банкинг» жүйесімен интеграцияны тоқтату арқылы), Шартты және/немесе Шарттарды бұзудың болжамды күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын Банкті алдын ала жазбаша хабардар ету және бұзғанға дейін Банк көрсеткен қызметтер үшін берешекті (болған кезде) төлеу. Шарт және/немесе Шарттар хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі, бұл ретте Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді;

6.2.7. Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АЛЫП ТАСТАУ НЕГІЗДЕРІ

7.1. Себептерге қарамастан, үшінші тұлғаларға Client ID/Client Secret-ті, байланыстыру/деректерді шифрлау туралы деректерді, сондай-ақ Бағдарламалық өнімге кіру/қол жеткізу үшін қолданылатын сәйкестендіргіштерді (логиндерді) және Пайдаланушылардың құпиясөздерін жария ету немесе беру салдарынан туындаған залалды мәліметтерді жария етуге немесе беруге жол берген Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен өтейді.

7.2. Клиент мыналар үшін жауапты болады:

7.2.1. электрондық төлем құжаттарын ресімдеудің дұрыстығы;

7.2.2. Шарттардың 3.5.2-тармақшасында көрсетілген мақсаттар үшін Пайдаланушылардың ЭЦҚ-сын уақтылы шығару/қайта шығару;

7.2.3. бағдарламалық өнімдегі пайдаланушылардың қолжетімділігін дереу оқшаулау және/немесе Пайдаланушылардың ЭЦҚ-сын олар жария болған кезде және/немесе Клиент Пайдаланушылардың электрондық банк операцияларын жүргізуге және/немесе кез келген себептер бойынша бағдарламалық өнімді пайдалануға өкілеттіктерін тоқтата тұрған/тоқтатқан кезде кері қайтарып алу, сондай-ақ бұл туралы Банкке тиісті түрде хабарлау;

7.2.4. Пайдаланушыны (пайдаланушыларды) ауыстыру туралы хабарламау (уақтылы хабарламау) және/немесе Пайдаланушы (-лар) туралы негізгі ақпаратты ауыстыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбау (уақтылы ұсынбау);

7.2.5. Пайдаланушының (пайдаланушылардың) уәкілеттіліктерінің мерзімінің аяқталуы не өкілеттіктерінің жоғалуы туралы, сондай-ақ Client ID/Client Secret және/немесе ЭЦҚ-ның жария боп қалуы туралы ақпарат ұсынбау (уақтылы ұсынбау).

7.3. Банк мыналар үшін жауапты болмайды:

7.3.1. Шартта, «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету талаптарында және JB API техникалық құжаттамасында көзделген талаптар орындалмаған жағдайда, үшінші тұлғалардың шотқа (шоттарға) рұқсатсыз қол жеткізуі салдарынан Клиентке келтірілген залал;

7.3.2. бағдарламалық қамтамасыз етудегі ақауларға (нұсқалардың өзектілігін және/немесе уақтылы жаңартпауды қоса алғанда) және/немесе Клиенттің жабдығының немесе байланыс арналарының дұрыс жұмыс істемеуіне байланысты қателер, кідірістер немесе «Интернет-банкинг» жүйесіне Клиенттің қол жеткізе алмауы;

7.3.3. Клиенттің жабдықтарына немесе клиенттің жабдықтарында сақталған ақпаратқа зақым келтіру, Клиенттің бағдарламалық жасақтамасы мен аппараттық құралдарының әртүрлі вирустардан, заңсыз әрекеттерден (соның ішінде хакерлер, хакерлік шабуылдар және т. б.) және басқа да зақымданулардан қауіпсіздігі;

7.3.4. Банкке ақпаратты және/немесе төлем құжаттарын беру мүмкін еместігіне әкелетін «Интернет» және JB API желісінің жұмысындағы үзілістер мен кедергілерді қоса алғанда үшінші тарап (интернет қызметтерін, байланыс қызметтерін және т. б. провайдер) қамтамасыз ететін «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсетілетін құралдардың, өнімдер мен қызметтердің тиісінше жұмыс істемеуі;

7.3.5. Клиент Банк ұсынған құрылғылардан, бағдарламалық қамтамасыз етуден және/немесе қорғау құралдарынан бас тартқан жағдайда («Интернет-банкинг» жүйесін интеграциялауды және/немесе пайдалануды жүзеге асыру және/немесе Шот (-тар) бойынша операциялар жүргізу кезінде) Клиентке келтірілген нақты залалдар;

7.3.6. Клиенттің электрондық құжатын дұрыс көрсетілмеген деректемелермен, оның ішінде қате орындалған электрондық құжатпен орындау, егер мұндай электрондық құжатта қатені Клиент жасаған болса;

7.3.7. Клиент Шарттың 6.1. тармағының 6.1.7. – 6.1.14. тармақшаларын бұзған жағдайда, Клиент шеккен залалдар.

7.4. Клиенттің электрондық құжатын орындаудағы Шот бойынша Клиенттің нұсқауларын орындамағаны, Шотта электрондық құжат бойынша төлемді жүзеге асыру үшін ақша сомасы жеткілікті болған немесе орындауға кедергі келтіретін басқа да себептер болмаған кезде Шотқа қойылған төлем талабын төлемегені үшін Банк Клиенттің жазбаша талабы бойынша оған әрбір

кешіктірілген күн үшін операциялар сомасынан 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық төлемін соманы Шотқа есептеу жолымен төлейді.

8. БАСҚА ШАРТТАР

8.1. Осы арқылы Клиент мыналарды растайды:

8.1.1. электрондық банктік қызметтерді бастауға және алуға өкілеттігі бар және олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді (рұқсат етілген болып табылады);

8.1.2. Электрондық банк қызметтерін көрсету жүзеге асырылатын электрондық құжат Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделеді/жасалады;

8.1.3. Client ID/Client Secret және ЭЦҚ (атап айтқанда, электрондық төлем қызметтері үшін) «Интернет-банкинг» жүйесіне қосылу және электрондық банк қызметтерін алу үшін пайдаланылатыны туралы ақпараттандырылған, даусыз және сөзсіз келіседі.

8.2. Банк Клиенттен электрондық құжаттың қате орындалуы немесе рұқсат етілмеген электрондық құжаттың орындалуы туралы хабарлама алғаннан кейін келесі операциялық күннен кешіктірмей бенефициарға не бенефициар банкіне қате орындалған электрондық құжат бойынша немесе рұқсат етілмеген электрондық құжат бойынша ақшаны қайтару туралы хабарлама жібереді.

8.2.1. Қате орындалған электрондық құжат немесе рұқсат етілмеген электрондық құжат бойынша ақшаны қайтаруды Бенефициар банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

8.2.2. Егер Банкке Клиент электрондық құжаттың қате орындалуы немесе рұқсат етілмеген электрондық құжаттың орындалуы туралы уақтылы хабарлаған болса және ол қате электрондық құжатты немесе рұқсат етілмеген электрондық құжатты орындауды жүзеге асырған жағдайда, ол Клиентке осы электрондық құжаттың орындалуына байланысты нақты залалды өтейді.

8.2.3. Талаптарға өзгерістерді Банк Шартта белгіленген тәртіппен енгізеді.

8.2.4. Банктің бастамасы бойынша Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда шарттардың қолданылуы Шартта белгіленген тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

8.2.5. Шарттардың қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда Тараптар Шарттардың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.